

**Баянауыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы "Баянауыл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 376/67 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 21/3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 сәуірде № 7257 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабы 2–тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Баянауыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы "Баянауыл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 376/67 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7173 болып тіркелген, 2021 жылғы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрде эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Баянауыл ауданында жиналыс, митинг нысанында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын:

Баянауыл ауылының Мұхтар Әуезов көшесі бойынша орналасқан Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған ескерткіш алаңы. Жиналыс, митинг нысанында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін шекті толу нормасы – екі жүз адам."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың заңдылық, азаматтардың өтініш-шағымдарын қабылдау және аграрлық мәселелер мен экология жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Баянауыл аудандық мәслихатының сессия төрайымы*

*А. Какимова*

*Баянауыл аудандық мәслихатының хатшысы*

*Т. Қасен*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК